



«Бекітемін»

«Урал Ойл энд Газ» ЖШС-нің бас директоры – Басқарма төрағасы

Имандосов А.Г.

2024 ж.

«Урал Ойл энд Газ» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары –

Басқарма мүшесі

Тянь Юаньшэн

2024 ж.

### «Урал Ойл энд Газ» ЖШС-нің экологиялық саясаты

«Урал Ойл энд Газ» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) тұрақты даму қағидаттарына адалдығын білдіреді және қоршаған ортаны қорғауды (бұдан әрі – ҚОҚ) және қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алуды өз қызметінің негізгі басымдықтарына жатқызады. Серіктестік қоршаған ортаны ластауға байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады.

**Осы саясатты іске асыру үшін Серіктестік басшылығы өзі орындайтын келесі міндеттемелерді өзіне қабылдайды және мердігер ұйымдардан оларды орындауын талап етеді:**

1. Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттардың талаптарын мүлтіксіз сақтау. Экологиялық менеджмент жүйесін тұрақты жетілдіру.

2. Қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау бойынша алдын алу шараларының осындай әсердің салдарын жою шаралары алдында артықшылығын қамтамасыз ету.

3. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды, энергия және ресурс үнемдейтін, қалдығы аз, экологиялық қауіпсіз технологияларды, жабдықтарды, материалдарды енгізу, климаттың өзгеруіне бейімдеу және қоршаған ортаға ықтимал залалды өтеу бойынша шаралар қабылдау арқылы қоршаған ортаға әсерді біртіндеп азайтуды қамтамасыз ету.

4. Ақпараттандыру және автоматтандыру арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы процестерді әрдайым жақсартуды қамтамасыз ету.

5. Су ресурстарын басқару процестерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету, су үнемдеу және айналмалы сумен жабдықтау жөніндегі жобаларды енгізу, су тапшылығына байланысты тәуекелдерді бағалау және басқару.



келтіру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету. Топырақтың, атмосфералық ауаның немесе су ресурстарының қайталама ластануын болдырмайтын технологиялар (әдістер) жиынтығын қолдану; "Жасыл кеңсе" қағидаттарын енгізу.

7. Серіктестік өзінің бизнес-қызметінде кездесетін ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқару (реттеушілік, бедел, нарықтық және басқалар сияқты) және келесі салаларда қоршаған ортаға әсер етуді төмендету бойынша барлық ықтимал шараларды қабылдау:

- климаттың өзгеруіне бейімделу және парниктік газдар шығарындылары;
- атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары;
- су ресурстарын басқару;
- қалдықтарды басқару;
- өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде биоәртүрлілікке әсерін ескеру және жануарлардың көші-қон жолдарын сақтау;
- жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тоқтатылғаннан кейін ластанған жерлерді қалпына келтіру, сондай-ақ келісімшарттық аумақта қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

8. Газды алауда жағудың нөлдік деңгейіне қол жеткізу және алаулардан атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту бойынша шаралар қабылдау.

9. Қоғамның және мүдделі тараптарды міндетті түрде хабардар ете отырып, Серіктестіктің өндірістік объектісінің қоршаған ортаға әсеріне бағалау (ҚОӘБ) жүргізу және осы ақпаратты ашық көздерде орналастыру.

10. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген және жануарлардың бағалы түрлерінің мекендеу ортасы ретінде ерекше құндылығы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметті жүзеге асырмау, экологиялық сезімтал аумақтарда жұмыстарды жүргізу кезінде қауып-қатерлерді бағалау.

11. Апаттар мен мұнайдың төгілуі кезінде қоршаған ортаның ластану қатерін барынша азайту мақсатында барлық жабдықтар мен құбыржолдардың апатсыз жұмыс істеуін және пайдаланылуын қамтамасыз ету.

12. Өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде төрт негізгі іс-қимылды ескере отырып, биоәртүрлілікке әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясын қолдану: әлеуетті елеулі тікелей әсер етудің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және орнын толтыру.

13. Өз жұмыскерлеріне, сондай-ақ келісімшарттық аумақта мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар жұмыскерлеріне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін заңсыз аулауға, балық аулауға және басқа да пайдалануға жол бермеу.

14. Персоналдың экологиялық мәдениетін арттыру, тұрақты оқыту, ағарту және табиғат қорғау қызметін танымал ету. Серіктестік қызметінің экологиялық аспектілерін және қоршаған ортаға әсерін әрбір қызметкердің назарына жеткізу



арқылы қызметкерлерді экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа тарту.

15. Қоғамның, акционерлердің, мүдделі мемлекеттік органдардың және басқа да тараптардың алдында экологиялық ақпараттың кең қолжетімділігін және Серіктестіктің табиғат қорғау қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

16. Басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштердің тұрақты жақсаруын қамтамасыз ету.

Серіктестіктің осы саясатта көрсетілген міндеттемелері ҚОҚ саласындағы мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады, Серіктестік пен мердігер ұйымдарға қолданылады.

Серіктестік басшылығы осы саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстарды беруге жауапты.

ҚТ, ЕҚ және ҚОҚ басшысы

Зайнуллин А.А.